

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Қазақинстрах» АҚ қызметінің 2014 жылдағы бірінші жартыжылдық бойынша нәтижелері туралы

25 тамыз 2014 ж.

2014 жылғы бірінші жартыжылдықтың нәтижелері бойынша «Халық-Қазақинстрах» Қазақстан Халық Банкінің еншілес сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі – Компания немесе «Қазақинстрах» АҚ) таза кірісі 1.4 млрд. теңгені құрайды, 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша меншікті капиталы 2013 жылдағы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 13.6%-ға ұлғайып, 21.6 млрд. теңгені құрайтын болды, Компанияның активтері 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша 2013 жылдағы ұқсас кезеңмен салыстырғанда 16.5%-ға өсіп, 50.0 млрд. теңгеге жетті.

Есептік күндегі жағдай бойынша қолданыстағы сақтандыру және қайта сақтандыру шарттары бойынша алынған Компания міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етуге арналған сақтандыру қорларының көлемі 20.5 млрд. теңгені құрайды, бұл 2013 жылғы 30 маусымға құрылған сақтандыру резервтерінің көлемінен 5.1%-ға көп.

Компанияның сақтандыру сыйақыларының жиынтық көлемі 2014 жылдағы бірінші жартыжылдық бойынша 19,473 млн. теңгені құрайды, бұл 2013 жылдағы ұқсас кезеңге қарағанда 4,082 млн. теңгеге немесе 26.5%-ға көп. Компанияның сақтандыру сыйақылары келесідей үлестірілді: міндетті сақтандыру бойынша – 1,777 млн. теңге, ерікті жеке сақтандыру бойынша – 4,768 млн. теңге, ал ең жоғары өсім ерікті мүлтік сақтандыруға келді – 12,928 млн. теңге, оның нарықтағы үлесі 17.7% құрайды.

2014 жылдағы алты ай қорытындысы бойынша сыйақылардың ең жоғары көлемі келесі санаттар бойынша жиналды: қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты нысан иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру – 40.8 млн. теңге (2013 жылдағы ұқсас кезеңге қатысты өсім 47% құрайды), басқадай қаржылық залалдардан ерікті сақтандыру – 4.5 млн. теңге (2013 жылдағы ұқсас кезеңге қатысты өсім 173% құрайды), жүктерді ерікті сақтандыру – 233.5 млн. теңге (2013 жылдағы ұқсас кезеңге қатысты өсім 306% құрайды).

Компания қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің жалпы құны 2014 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 25.2 млрд. теңгені құрайды, бұл 2013 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда 15.2%-ға ұлғаюды көрсетеді. Инвестициялық табыс былтырғы ұқсас кезеңге қатысты 10.0% көбейіп, 1.043 млрд. теңгені құрайтын болды.

А.М. Best Europe Rating Services Limited халықаралық рейтингтік агенттігі «Қазақинстрах» АҚ қаржылық тұрақтылығы рейтингін В++ (Good) деңгейінде және эмитенттің кредиттік рейтингін «bbb» деңгейінде болғанын растады. Екі рейтинг бойынша да болжам тұрақты. А.М. Best Europe талдаушыларының ойынша бұл рейтингтер Компания капиталының жоғары жеткіліктілігін, қазақстандық нарықтағы мықты жайғасымын және операциялық тиімділіктің жақсы көрсеткіштерін көрсетеді. Сарапшылардың болжамы бойынша «Қазақинстрах» АҚ капиталының жеткілік деңгейі қалыпты тәуекел тәбеті мен капиталға қайтарымдылықтың жақсы көрсеткіштеріне орай жоғары болып қалады.

«Эксперт РА Қазақстан» қазақстандық рейтингтік агенттігі де «Қазақинстрах» АҚ сенімділік рейтингін А++ «Ерекше жоғары сенімділік деңгейі» деңгейіне дейін растады. «Эксперт РА Қазақстан» талдаушыларының ойынша «Қазақинстрах» АҚ сенімділік рейтингін аталған деңгейде растау Қазақстан Халық Банкі қаржылық Тобының құрылымында сақтандыру бизнесін дамыту стратегиясының тиімділігін куәландырады.

«Қазақинстрах» АҚ Қазақстан Халық Банкі қаржылық Тобының құрамындағы ірі әмбебап сақтандырушы болып табылады. 2014 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Компания сақтандыру сыйақыларының жалпы жиналуы бойынша 2 орын, мүлкті сақтандыруда – 2 орын, егіншіліктегі сақтандыруда – 2 орын, басқадай қаржылық залалдардан сақтандыру бойынша – 1 орын, сырқаттану жағдайына қатысты сақтандыруда – 1 орын, әуе жол көлігін сақтандыруда 1 орын алады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қазақстандағы ең үлкен клиенттер базасы мен таралу желісі бар жетекші қаржы тобы және жетекші бөлік банк болып табылады. Банк өзінің бөлік клиенттеріне, шағын және орта бизнес клиенттері мен корпоративтік клиенттеріне көптеген қызметтер түрлерін (банктік, зейнетақылық, сақтандыру, лизинг жөніндегі қызметтерді, брокерлік және активтерді басқару қызметтерін) ұсынып, әмбебап қаржылық топ ретінде дамып келеді. Сонымен қатар Банк өз операцияларын Ресейде, Грузия мен Қырғызстанда іске асырады.

«Қазақинстрах» АҚ
Маркетинг және Өнімдерді Басқару Департаменті
+727 2 599 848
www.kazakhinstrakh.kz